

Көктем.

Даламыз көк майсаға оранып,
Қызғалдақтар шешек жарып,
Тоғай,шыршасы жарған өркен
Қайта оралып келді көктем!
Шопандар малдарын төлдетіп,
Диқандар жерін өңдетіп,
Дәнді дақыл әзірленіп,
Адамдар жүр еңбекке бөленіп.
Даламыздың бәйшешектері гүл атып,
Жылы жақтан құстар келді әндетіп,
Жер әлемі көгеріп,сәнденіп,
Көктем келді жарқырап,жайнап.
Барша бұлақтардың көзі ашылып,
Сылдырлайды су ағысы жай ғана,
Ұлыстың ұлы күні Наурызда
Көшет ек,көшегі,бау-бақшаға!
Балалар жүр мерекеге қуанып,
Көктемнің қуанышты сыйына,
Думандатып,шашу шашып,ән салып.
Наурыз-Жаңа жыл келді шаттанып!
Наурыз келді,қарсы аламыз тағы да,
Бұл мерекені күтіп жүрміз сағына
Мерейі халқымыздың үстем болсын!
Жаңа жыл баршамызға құтты болсын!